

А.Ж. Қазтуғанова

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан
E-mail: zhasaganbergen@mail.ru
ORCID ID: 10000-0003-1248-2759*

ҚАЗАҚ ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ АКАДЕМИГІ

Аңдатпа. Академик Ахмет Жұбанов отандық музыкатану және кәсіби музыкалық білімнің негізін салған тұлға, жазба дәстүріндегі композиторлық мектептің іргесін қалаушылардың бірі, қазақтың ұлт аспаптар оркестрін құрған тұңғыш дирижері болғандықтан, оның әртүрлі бағыттағы шығармашылығы қамтылған еңбектер жазылған. Дегенмен оның ҚР ҰҒА құрылтайшыларының қатарындағы ерен еңбегі көлеңкеде қалып келеді. Солардың қатарында тек ҰҒА қабырғасында атқарылған КССР ҒА қазақстандық филиалынан бастау алған өнертану секторының құрылуына, меңгеруші ретінде оның тізгінін ұстап, дәстүрлі музыканы жинақтап, зерттеп, насихатталуына, ғылыми ұлттық кадрларды дайындауда, диссертациялық кеңестің ашылуына, диссертациялардың қорғалуына, ғылыми-танымдық, музыкалық-этнографиялық еңбектердің жарыққа шығуына және т.с.с. сан алуан мәселелердің түйінін тарқатып, бір ізге түсіріп, орнықтырып, дамуына қосқан үлесі туралы көрініс тапқан еңбектер жоқтың қасы. Осыған орай ҚР ҰҒА жүйесінде А.Қ.Жұбановтың ғылыми-ұйымдастырушылық қызметін зерттеу мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. А.Қ.Жұбановтың шығарған еңбектерінің маңызын ұғыну, ғылыми орта қалыптастыру, ізбасарларды дайындау, қазақ музыка өнеріндегі көшбасшылық қабілетімен қатар, жалпы өнертану саласының көшбасшысы ретінде қосқан үлесін тану мәселелері мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығын көрсетеді. Тарихи-теориялық тұрғыдан талдауға алынған Академик Ахмет Жұбановтың ҚР ҰҒА жүйесінде атқарған ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі, өнегелі істі келешек ұрпаққа дәріптеу, ұлттық өнерге риясыз еңбек ету жолын зерттеу барысында анықталған мағлұматтар зерттеудің құндылығын көрсетеді.

Алғыс: Мақала AP19676609 «Жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру үдерісіндегі академиялық музыкатану ғылымы» атты жоба аясында әзірленді.

Кілт сөздер: өнертану секторы, музыкатану ғылымы, тұңғыш академик, диссертациялық кеңес, іргелі зерттеулер.

А.Ж. Қазтуғанова

*Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,
Алматы, Казахстан
E-mail: zhasaganbergen@mail.ru
ORCID: 0000-0003-1248-2759*

Первый академик в искусствоведении Казахстана

Аннотация. Творчеству академика Ахмета Жубанова – личности, заложившей «фундамент» отечественного музыковедения и профессионального музыкального образования, одному из основоположников композиторской школы письменной традиции, первому дирижеру Казахского оркестра народных инструментов – во всем многообразии граней посвящены специальные работы. Однако его доблестный труд в ряду учредителей НАН РК остается в «тени». В том числе – создание

сектора искусствоведения, берущего начало в казахстанском филиале АН КССР, в стенах НАН, обобщение, изучение и пропаганда традиционной музыки, подготовка научных национальных кадров, открытие диссертационного совета, защита диссертаций, издание научно-познавательных, музыкально-этнографических трудов и др. В этой связи основной целью статьи является изучение научно-организационной деятельности Жубанова А. К. в системе НАН РК. Признание вклада А. К. Жубанова как лидера в области искусствоведения в целом, наряду с осознанием значения его трудов, формированием научной среды, подготовкой последователей, лидерством в казахском музыкальном искусстве определяет научно-практическую значимость данной статьи. Избранная для анализа с историко-теоретических позиций научно-организационная деятельность в системе НАН РК академика Ахмета Жубанова, сведения, приведенные для будущих поколений с целью популяризации нравственного дела, самоотверженного труда в национальном искусстве, подтверждают ценность исследования.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках проекта AP19676609 «Академическое музыковедение в процессе формирования нового гуманитарного знания».

Ключевые слова: сектор искусствоведения, музыковедение, первый академик, диссертационный совет, фундаментальные исследования.

A.Zh. Kaztuganova

*M.O. Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan*

E-mail: zhasaganbergen@mail.ru

ORCID: 0000-0003-1248-2759

The first Academician in art history of Kazakhstan

Abstract. Special works are dedicated to the creative legacy of Academician Akhmet Zhubanov, a figure who laid the “foundation” of domestic musicology and professional music education, one of the founding figures of the composer’s school in written tradition, and the first conductor of the Kazakh Orchestra of Folk Instruments, covering the diverse facets of his contributions. However, his commendable work among the founders of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan remains in the “shadow”. This includes the establishment of the sector of art history, originating in the Kazakh branch of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, within the walls of the National Academy of Sciences. The sector is dedicated to the compilation, study, and promotion of traditional music, the training of scientific national personnel, the establishment of a dissertation council, defense of dissertations, publication of scientific and ethnographic works, and more. In this context, the main goal of the article is to study the scientific and organizational activities of Akhmet Zhubanov within the system of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Recognition of Akhmet Zhubanov’s contribution as a leader in the field of art history as a whole, along with an understanding of the significance of his work, the establishment of a scientific environment, the training of successors, and leadership in Kazakh musical arts, defines the scientific and practical significance of this article. The selected analysis of the scientific and organizational activities of Academician Akhmet Zhubanov within the system of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan from a historical and theoretical perspective, along with the information provided for future generations with the aim of promoting moral values and dedicated work in national art, confirms the value of this research.

Acknowledgements: Prepared under the project AP19676609 «Academic musicology in the process of forming a new humanitarian knowledge».

Keywords: sector of art criticism, musicology, first academician, dissertation council, fundamental research.

1. Кіріспе

Ұлт зиялыларының табанды еңбектерінің нәтижесінде 1946 жылдың 1 маусымында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ҚазКСР Ғылым Академиясы

болып құрылды. Бұл ретте қуғын-сүргін, аштық, жер аудару, саяси қысыммен қатар, өткізілген съезд, партия, үкімет талаптары т.с.с., мәселелерге қарамастан Академияның іргесі қаланды. Содан бастап мүшелікке қабылданған 14 ҚазКСР ҒА академигі мен 16 ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесі*, әсіресе ұлттық кадрлар еліміздегі білім, ғылым, мәдениет, өндіріс және т.б. бағыттарды қалыптастырумен қатар, қоғамдық сананың, экономикалық тұрақтылықтың, әлеуметтік үдерістің және рухани құндылықтардың көнеден жалғасқан дәстүрлі болмысын сақтай келе жаңа деңгейде дамыту жолында маңызды әрі күрделі міндет атқарды. Сол алғашқылардың ішінде өнертану саласы бойынша тұңғыш және бүгінгі күнге дейін бірегей, яғни жалғыз академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов ұлттық рухтың азығына айналған өнер саласының өркендеуіне елеулі үлес қосып, шешуші, әрі ауқымды істерді жүзеге асырды.

Академик Ахмет Жұбанов отандық музыкатану және кәсіби музыкалық білімнің негізін салған тұла, жазба дәстүріндегі композиторлық мектептің іргесін қалаушылардың бірі, қазақтың ұлт аспаптар оркестрін құрған тұңғыш дирижері болғандықтан, оның әртүрлі бағыттағы шығармашылығы қамтылған еңбектер жазылған. Дегенмен оның ҚР ҰҒА құрылтайшыларының қатарындағы ерен еңбегі көлеңкеде қалып келеді. Солардың қатарында тек ҰҒА қабырғасында атқарылған КССР ҒА қазақстандық филиалынан бастау алған өнертану секторының құрылуына, меңгеруші ретінде оның тізгінін ұстап, дәстүрлі музыканы жинақтап, зерттеп, насихатталуына, ғылыми ұлттық кадрларды дайындауда, диссертациялық кеңестің ашылуына, диссертациялардың қорғалуына, ғылыми-танымдық, музыкалық-этнографиялық еңбектердің жарыққа шығуына және т.с.с. сан алуан мәселелердің түйінін тарқатып, бір ізге түсіріп, орнықтырып, дамуына орасан зор еңбек етті. Бұл туралы сол кездегі ҚР ҰҒА корр.-мүшесінің бірі болған Қ.Жұмалиев: «... 1945 жылы СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалының жанынан өнертану секторын құрып, оның жұмыстарын жолға қоюшы да – Ахмет Жұбанов» (Жұмалиев, 2006: 48) – деген. Бұл кейін ҚазССР Ғылым академиясы Президиумының жанынан ашылған «Өнертану» секторына ұласты. Осы тұрғыдан алғанда академик Ахмет Жұбановтың ҚР ҰҒА жүйесінде атқарған еңбегінің зерттелуі тақырыптың өзектілігін танытады.

Зерттеудің негізгі мақсаты ретінде академик Ахмет Жұбановтың Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының құрылуындағы атқарған қызметін, өнертану саласының қалануындағы рөлін, музыкатану ғылымының дамуына қосқан үлесін анықтау болып табылады.

2. Зерттеу әдістері және материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Академия жүйесінде заман талабына сәйкес өзгерістер еніп, ғылыми институттарға межеленгеніне орай, қоғам мен саясаттың, аласапыран кезеңнің тұрақсыздығына қарамастан, өз дәрежесін жоғалтпай, білікті маман және ұлттық кадр ретінде

* Еліміздің тұңғыш академиктері – Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов, Ә.Б.Бектұров, І.К.Кеңесбаев, А.Жұбанов, Н.Т.Сауранбаев, Н.В.Павлов, И.Г.Галузо, М.И.Горяев, Г.А.Тихов, В.Г.Фесенков, М.П.Русаков, Н.Г.Кассин, С.В.Юшков болса, корреспондент-мүшелері – Ә.Х.Марғұлан, А.Ж.Машанов, Қ.Жұмалиев, А.М.Фаббасов, К.М.Мыңбаев, А.Н.Сызганов және т.б. болды.

елге қажет болып, сұранысы ұлғая түсті. Мәселен, А.Қ.Жұбанов осы сектордың ашылғанынан бастап бөлім меңгерушісі қызметін өмірінің соңына дейін атқарды: 1945 жылы СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалының жанынан өнертану секторын, 1946-50 жылдары ҚазССР Ғылым академиясы Президиумының жанынан ашылған «Өнертану» секторын, 1951-61 жылдары ҚазКСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтындағы «Өнертану» бөлімін, 1961-68 жж. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы «Музыкатану» бөлімін басқарды. Ахмет Жұбановтың ұйымдастырушылығымен осы кара шаңырақта «Музыкатану» бөлімінен бөлек тағы да екі бөлім ашылуына мұрындық болды. Бұл жайын ҚР ҰҒА корр.-мүшесі Б.Г.Ерзакович: «В 1945 г. по поручению первого президента Академии наук Каныша Имантаевича Сатпаева он организовал Сектор искусствоведения, в последствии ставший основой для образования трех отделов: музыкального искусства, которым он руководил до конца своей жизни, театрального и изобразительного искусства» (Ерзакович, 1979: 175), – деген.

Осыған байланысты А.Жұбанов ҚР ҰҒА жүйесінің құрылтайшыларының құрамына қалай келді? Оның ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі қалай қалыптасып, дамыды? Ұлт зиялылары сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, Сібірге айдалып жатқанда, бұл ретте ату жазасына кесілген Құдайберген Жұбановтың інісі ретінде СССР ПХК көзінен таса қалмаған Ахмет Қуанұлы ҰҒА өнертану секторының тізгінін ұстап, меңгерушісі қызметін ұзақ уақыт қалай атқарды? Ғылыми жолын жалғастыратын ұлттық кадрларды қалай және кімдерді тәрбиеледі (олардың қатарында «халық жауы» аталғандардың балалары да кездескен)? және т.с.с. сауалдарды шешуді талап етеді. Әлбетте, мақала көлемінде бұл сұрақтарға жауап жазу мүмкін еместігін ескеріп, ҚР ҰҒА жүйесінде А.Қ.Жұбановтың ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі төңірегіндегі мәселелерге тоқталып, оларды тарихи-теориялық тұрғыдан талдау жүргізуді жөн санадық.

2.2 Материалға сипаттама

Ахмет Қуанұлы Жұбановтың қазақ музыка тарихында алатын орны ерекше. Ахмет Жұбанов өнер саласындағы көптеген істің басталуына мұрындық болғандықтан, көшбасшы ретінде айтатын тұстары жетерлік. Қазақ КСР Ғылым академиясының алғашқы құрылтайшыларының бірі, отандық музыкатану және кәсіби музыкалық білімнің негізін салған тұлға, жазба дәстүріндегі алғашқы қазақ композиторы, ұлт аспаптар оркестрін құрушы және кәсіби дирижер, өнертану ғылымының тұңғыш және бірегей академигі деген жетістіктері көшбасшы ретінде атауға мүмкіндік береді. Соның ішінде бойындағы дирижерлік қабілеті көшбасшы болудың маңызын күшейте түскендей. Мәселен XX ғасырдағы дирижерлер туралы келесі жолдарды келтіруге болады: «The most effective 20th-century conductors have been both gifted musicians and skilled and sensitive leaders, capable of dealing authoritatively with professionals in their own field while possessing the deftness to understand the needs of their economic supporters and public» (Lotha, Rodriguez, Young, 2023), – деген. Аудармасын келтіретін болсақ, XX ғасырдың алдыңғы қатарлы дирижерлері дарынды музыканттар да, тәжірибелі және сезімтал көшбасшылар да болды, олар өздерінің экономикалық сұраныстары мен тындармандарының

қажеттіліктерін түсіну үшін ептілікке ие бола отырып, өз саласының мамандарымен беделді қарым-қатынас жасай алғандығы туралы айтылған. Айналасындағы әріптестерімен сауатты әрі жоғары кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасап, жанкешті қызмет атқарған Ахмет Жұбановтың ептілігі тәжірибелі дирижерлерден қарағанда жоғары екендігін көруге болады. Себебі, басқа дирижерлер музыкалық сауаты бар орындаушылармен жұмыс жасаған болса, Ахмет Жұбанов хат танымайтын, есту қабілеті дамыған орындаушылармен қызметтес болған. Бұл тарулы Б.Ерзакович: «Работа дирижера тогда в еще безнотном оркестре была особенно трудна. Многие кюи имеют сложные ритмические структуры мелодий, разнообразную нюансировку, оригинальные формы. Ахмет Куанович умело спланировал музыкантов, не имеющих опыта ансамблевой игры, в единый художественный коллектив не усердным размахиванием дирижерской палочки, а внешне скромным, но выразительным жестом, который имел эмоциональное значение, влекущее игру музыкантов в единое стройное русло. За дирижерским пультом Ахмет Куанович не отвлекал публику собственной персоной, а сосредоточивал ее внимание на красоте кюев, на их художественном содержании и добивался большого успеха» (Ерзакович, 1979: 173-174), – деген.

А.Жұбановтың шығармашылы туралы жазылған зерттеулерге көз жүгіртсек, әртүрлі жанрдағы басылымдарды кездестіре алдық. Мәселен, әдебиеттанушылар – М.Әуезовтің, Қ.Жұмалиевтің, Р.Бердібаевтың, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, З.Қабдоловтың, ақын-жазушылар – Ә.Нұрпейісовтің, Ф.Оңғарсынованың, Х.Ерғалиевтің, Ә.Тәжібаевтың, музыкатанушылар – А.Алексеевтің, П.Аравиннің, М.Ахметованың, А.Темірбекованың, Т.Бекхожинаның, Ж.Рсалдиннің, С.Күзембайдың, композиторлар – Д.Кабалевскийдің, Е.Брусиловскийдің, Л.Хамидидің, Қ.Қожамьяровтың, Е.Рахмадиевтің және т.б., орындаушылар – Ғ.Құрманғалиевтің, Х.Тастановтың, Қ.Лекеровтің, Е.Коганның, шәкірттері – Б.Ерзаковичтің, Б.Ғизатовтың, Ғ.Бисенованың және т.б. зерттеу мақалалары мен естеліктері жарық көрген. Соңғы басылымдардың ішінде А.Жұбанов туралы мағлұматтар онымен қызметтес болған М.О.Әуезов туралы жарияланымдардың да көзге ілігетін тұстары бар. Солардың қатарында шет елдік жариялымдарда М.О.Әуезовпен шығармашылық бірлестікте атқарған қызметі туралы мәліметтерді келесі жолдармен келтіруге болады: «By dramatic concept, the completeness and brilliance of the created portrait, the organic use of the original songs, the work of A.K.Zhubanov and L.A.Khamidi is a worthy musical monument to Abay, which is artistically convincing and realistic. Creation of monumental opera score by A.K.Zhubanov and L.A.Hamidi based on libretto by M.O.Auezov was dedicated to the 100th anniversary of the poet-enlightener (the premiere of the performance took place on December 24, 1944)» (Omarova, Kaztuganova, Sultanova, Tatkenova, Kdurniyazova, 2020: 11). Аудармасына назар аударсақ, мұнда авторлар драмалық концепциясы бойынша жасалатын портретті толық әрі жарқын сомдау арқылы Абайға лайықты музыкалық ескерткіш орнатты. А.Қ.Жұбанов пен Л.А.Хамиди Абайдың төл әндерін көркемдік жағынан нанымды, шынайылығымен епті пайдаланды. М.О.Әуезовтің либреттосы бойынша А.Қ.Жұбанов пен Л.А.Хамидидің монументалды опера партитурасын жасау ақын-ағартушының 100 жылдығына

арналды (спектакльдің премьерасы 1944 жылы 24 желтоқсанда өтті). Сондай-ақ бұл зерттеуде авторлардың шығармашылығына және жеке туындыға зерттеулер арналғаныменен, олардың шығармашылық бірлестік мәселесіне қатысты ізденістер әлі де жалғастыруды қажет ететіндігі туралы баяндалған. Мысал ретінде «Kazakh music in the global context» (Kaztuganova, Omarova, Kasimova, Turmagambetova, Kuzembay, 2019) атты мақаланы келтіруге болады.

3. Талқылау

Ахмет Жұбановтың Қазақ КСР Ғылым академиясының алғашқы құрылтайшыларының бірі ретінде зерттеу мәселесіне назар аударғанда ол туралы соңғы кезеңде жазылған еңбектердің де маңызы ерекше. Мәселен өнертану кандидаты А.Қ.Омарова мақаласында: «Понять процесс развития современной культуры Казахстана вне осознания той роли, которую сыграл в ней Ахмет Куанович Жубанов, теперь достаточно сложно. Не случайно на протяжении последних десятилетий обсуждение этапов его творческой биографии и многогранной деятельности составляет неперенный этап в изучении истории казахской музыки» (Омарова, 2022: 61), – деген. Бұл жолдардың мәніне назар аударсақ, ұлт тағдырындағы Ахмет Қуанұлы Жұбановтың рөлін анықтамастан Қазақстанның қазіргі мәдениетін дамыту процесін түсіну қазір өте қиын екендігін ортаға тартуы орынды. Сол сияқты жалпы Қазақстандағы өнертану ғылымының қалыптасуы, орнығуы, дамуы туралы сөз қозғағанда Ахмет Қуанұлы Жұбановтың Қазақ КСР Ғылым академиясында атқарған қызметі, сол кезеңде өнертану ғылымына қосқан үлесі жайында сөз қозғалмаса, оның ғылыми шығармашылығын өздігімен қарастырудың мәні жоқ екенін ұғынасың.

А.Жұбановтың академик атануына және докторлық ғылыми дәрежесін алуға қазақ халық музыкасының тарихы, әнші-күйші композиторлардың өмірі мен шығармашылығы зерттелген «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты ғылыми еңбегі қаншалықты пайдасын тигізгенін, кейін уақыт өте келе ол осы еңбегі үшін зардап шеккенін айту қажет. Бұл туралы мәліметтер «Ахмет Жұбанов в годы апогея сталинской политической репрессии» (2) атты еңбекте тұтас қамтылған. Ахмет Жұбанов тап осы «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты еңбегі үшін тағдыр тәлкегін тартса да осы кітаптың негізінде әлі күнге дейін теңдесі жоқ «Ғасырлар пернесі» (1958) және «Замана бұлбұлдары» (1963) атты іргелі басылымдарын шығарды. Тап осы еңбегі туралы академик М.О.Әуезов: «Книга, впервые излагающая в строгой последовательности, в строгой системе научного исследования факты жизни и творческой деятельности группы выдающихся казахских композиторов, не только воскрешает их имена для истории культуры или для истории казахской музыки. Автор широко освещает историческую эпоху, вникает в глубины общественной психологии, в исторически обусловленные смены вкусов, построений той среды, которая выдвинула каждого из композиторов-певцов. Конкретно, тонко анализируя наследие каждого из них через их творческую психологию, через особенностей их индивидуального дарования, через особенную личную судьбу каждого композитора, автор на исследуемом им материале восстанавливает для нашей современности и для будущего широкую картину вековой истории борьбы и судеб, дум и чувствований передовых деятелей

своего народа» (Ауэзов, 2013: 34). Осы еңбегі арқылы Ахмет Жұбанов келешектегі музыкатану ғылымының даму бағыттарын айқындап, қазақ музыкасындағы тарихи-теориялық бағыттардың негізін салып, өшпес із қалдырды. Осы арқылы бұл еңбектің бір адамның тағдыры ғана емес, бүкіл ғылыми саланың тағдыры шешілгенін көруге болады. «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» атты еңбек «Классикалық зерттеулер» көптомдық сериясының 2-томын (2013) құрды.

А.Жұбановтың ғылыми-ізденушілік бағыты XIX ғасырда өмір сүрген ауызша кәсіби халық композиторы Құрманғазының шығармашылығын зерттеуден басталды. Бұл арада ғалымның алғашқы рет қазақ тілінде шығарған «Құрманғазы» (1936, 1960, 1961, 1978) еңбегінің орны ерекше. Осыған орай Б.Момышұлы жазған келесі жолдар ойға оралады: «... ол әлдеқашан өліп қалған Құрманғазыны тірілтті. Рас-өтірігін білмеймін. Құрманғазы төңірегінде алып-қашты сөздер бар ғой. Ахаң Құрманғазыны бұзық, қарақшы деген жок, композитор ретінде тірілтті. Әрі-беріден кейін ол кісі Құрманғазы атындағы ұлт оркестрін құрды. Құрманғазы күйлеріне өңдеу жүргізіп, оны оркестрде орындайтын етті. Орысша айтқанда, он ему “памятник воздвиг нерукотворный”. Сөйтіп, Құрманғазының алдында үлкен азаматтық істеді. Мұны мен Ахаңның үлкен адамгершілік, үлкен азаматтық еңбегі деп санаймын» (Момышұлы, 2006: 106). «Құрманғазы» атты еңбегінің нәтижесінде ұлт аспаптар оркестріне де (1944), Қазақ ұлттық консерваториясына да (1945) Құманғазының есімі берілген.

Осындай істердің басы-қасында жүрген академик Ахмет Жұбанов қазақтың ұлттық ғылыми кадрлардың қалыптасуына да елеулі еңбек етті. Арнайы мамандардың жетіспеуіне байланысты бұл секторда өнертану саласын зерттейтін кадрларды даярлауда ғалымның белсенді қызметі нәтиже беріп, алғашқы жоғары дәрежелі музыкатанушылар пайда болды. Атап айтқанда, жас өнертанушылар мен аспиранттар, ізденушілер легінде: Б.Ерзакович, М.Ахметова, Б.Гизатов, Ж.Рсалдин, З.Қоспақов, Т.Мерғалиев, Ғ.Бисенова, А.Темірбекова, Н.Кетегенова, З.Жанұзақова, Т.Бекхожина, С.Күзембай және т.б. болды. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ұзақ жылдар бойы қызмет еткен өнертанушылардың ғылыми және этнографиялық еңбектеріне жетекшілік еткен де А.Жұбанов. Бұған дәлел ретінде өнертану ғылымдарының докторы Б.Қарақұловтың мақаласынан келесі жолданды ұсынамыз: «Представляя в Академии все искусствоведение республики, он открывает сначала сектор искусствоведения при Президиуме Казахского филиала Академии наук СССР, а затем – отдел музыкального искусства при Институте литературы и искусства АН Казахской ССР, в котором он был до конца своей жизни руководителем всех научных исследований, главным редактором и составителем многих изданий по искусствоведению, заботливым воспитателем научных кадров. О продуктивности созданного им в стенах Академии наук научно-исследовательского коллектива можно судить по тому, что большая часть научных изданий по музыкальному искусству в республике была подготовлена учениками и последователями Ахмета Куановича: Б.Г.Ерзаковичем, М.М.Ахметовой, Б.Г.Гизатовым, Т.Бекхожиной, З.Б.Джанузаковой, А.З.Темирбековой, З.Коспаковым, С.А.Күзембаевой, А.С.Кетегеновой, Х.Т.Жузбасовым, Б.И.Каракуловым» (Каракулов, 2006: 38).

Жас ғалымдарды тәрбиелеу барысында Қазақстан аймақтарына экспедициялық сапарлар ұйымдастырып, көптеген халық мұраларын, әнші-күйші туындыларын

таспаға жазып, қағазға түсіріп, келешек ұрпаққа аманат етіп, сақтап қалды. А.Қ.Жұбановтың ғылыми жетекшілігімен бөлімнің қызметкерлері дәстүрлі музыкалық мәдениет пен кәсіби композиторлық шығармашылықтың тарихи және теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан игеру және зерттеу жұмыстарын жүзеге асырды. Бұл кезде қызмет атқарған ғалымдар туралы «Ancient saryns of the great steppe» атты мақалада келесі жолдар берілген: «As a result of constant efforts of famous scholars and art history specialists, who worked for many years at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, its rare foundation represents a treasury of Kazakh (including musical) folklore. The collection of materials to the foundation began approximately in 1932. At the same time, until 1955, the fixation and recording of music (and accompanying information) was done directly from the performers. Since 1955, the preservation of the heritage was provided by sound recording on tape. In addition, the field materials have been reflected in musical ethnographic collections» (Gafurbekov, Omarova, Kaztuganova, 2019: 121), – деген. Ұзақ жылдар қызмет еткен өнертанушы ғалымдардың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде фольклор үлгілерінен бастау алатын музыкалық фольклор және дәстүрлі ән, күй, жыр үлгілері М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорында сақтаулы. Қорда жинақталған мұраларға көз жүгіртсек, мұндағы жәдігерлерді сақтау шамамен 1932 жылдардан басталған. Сол жылдардан бастап әндер мен күйлер тікелей орындаушылардан тыңдалып, сол күйінде хатқа түсірілгендігімен құнды. 1955 жылдан кейінгі дүниелер бобиналық таспаға жазылып алынған. Этнограф-ғалымдар жинаған іссапар материалдары музыкалық-этнографиялық жинақ ретінде баспа бетін көрді. Соның нәтижесінде Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақстанның халық әндері» (1955), «Қазақтың советтік халық әндері» (1959), З.Жанұзақованың «Қазақ халқының аспапты музыкасы» (1964), Т.Бекхожинаның «Қазақтың 200 әні» (1967), Т.Мерғалиевтің «Домбыра сазы» (1972), «Жаңа дәуір жыршысы» (1980), А.Темірбекованың «Қазақтың халық әндері» (1975), Б.Қарақұловтың «Асыл мұра» (1981) Б.Ерзакович, Б.Қарақұлов, З.Қоспақовтың «Қазақтың музыкалық фольклоры» (1982) және т.б. жарияланды. Сол жылдардан бастап, Институт ұйымдастырған іссапарлардан халық композиторларының шығармашылығындағы әр тұлғаға жеке тоқталып өтетін шағын кітапшалар шығарылып келген. Мысалы, Кенен Әзірбаевтың «Кенен Әзірбаевтың әндері» (1955), Қожағұлұлы Біржан сал «Әндері» (1959), «Ләйлім шырақ» (1983), Ақан сері Қорамсаұлының «Әндері» (1959), «Маңмаңгер» (1988), Жаяу Мұсаның «Ән, күйлері» (1959), «Әнші тағдары» (1971), «Ақ сиса» (1985), Абай Құнанбаевтың «Айттым сәлем, Қаламқас» (1986), Әсет Найманбаевтың «Инжу-Маржан» (1992), Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының «Гэкку» (1995) және т.б. ән жинақтары басылып шықты. Бұл жинақтарға енген әндерді қазақ тарихындағы «алтын дауысқа» айналған тұлғалармен қатар, есті сөздің қадірін білетін күймақұлақ жандар жеткізді. Бұл еңбектері бүгінгі күнде қолға түсе бермейтін, сирек ұшырасатын тарихи еңбектерге айналғандығына көзіміз жетті.

А.Жұбановтың бастаған ісін жалғастырған кейінгі буын зерттеушілері этнографиялық материалдарын ғылыми басылым ретінде де жарыққа шығарды. Академияның талабы бойынша ғылыми монографиялар мен зерттеулер бөлім мәжілісінің талқылауынан басталып, бүкіл Институттың Ғылыми кеңесінде жалғасын

табатын. Өнертану және филология ғылымдарының докторлары, академиктер мен корреспондент-мүшелерінен тұратын кеңестің ұсынысымен ғана баспаға жіберілген еңбектер үлкен сүзгі-сараптан өткеннен кейін баспа бетін көрген. Бұл еңбектердің қатарында тек бірен-саранына тоқталып өтсек, әсіресе барлық зиялы қауымнан оң бағасын алған «Затаевич А.В. Исследования, воспоминания, письма и документы» (1958) атты еңбек пен бүкіл әлемді қазақтың әндерімен, күйлерімен дүр сілкіндірген А.В.Затаевичтің «1000 песен казахского народа» (1963) атты басылымы Институт қызметкерлерінің назарынан тыс қалмады. Бұл еңбектерден кейін Жұбановтың қолдауымен бөлім қызметкерлері өздерінің зерттеулерін жалғастырып, еңбектерін жариялады. Солардың қатарында Б.Ерзаковичтің «Песенная культура казахского народа» (1966), М.Ахметованың «Песня и современность» (1968), «Советтік қазақ музыкасы» (1975), Б.Темірбекованың «Ладо-ритмическая основа казахской советской народной музыки» (1975), С.Күзембаеваның «Формирование гармонии в казахской музыке» (1977), Б.Ғизатовтың «Ахмет Қуанович Жубанов» (1987), т.с.с. еңбектердің қатарын жалғастыра беруге болады. Бұл еңбектер ғылыми дәрежелерін алуға дейін немесе ғылыми дәрежені алғаннан кейін шыққандығын көруге болады. Ол кезеңде кандидаттық диссертациялардың қорғалуы да оңайға түспеген. Осы мәселені ескерген А.Жұбанов 1960 жылдары Қазақстанда тұңғыш рет өнертану саласы бойынша диссертациялық кеңес ашып, ұлттық ғылыми кадрлардың қорғауға шығып, ғылыми дәрежелерді иеленуін қадағалайды. Оның аспиранттары мен бөлім қызметкерлері Қазақстанда тұңғыш ашылған арнайы біріккен диссертациялық кеңесте кандидаттық диссертация қорғап, біліктілігін жоғарылатып, қазақ музыкасының көлеңкеде қалған тұстарын игеруге кіріседі. Бұл ретте А.Жұбановтың жетекшілігімен қорғаған Ғ.Бейсенованың «Песенное творчество Абая Кунанбаева» (1966), Б.Ғизатовтың «Казахский государственный оркестр народных инструментов имени Құрманғазы (музыкально-историческое исследование)» (1966), Н.Кетегенованың «Народно-песенные истоки мелодики М.Түлебаева» (1967), З.Қоспақовтың «Жизнь и творчество Жаяу Мусы Байжанова» (1969) зерттеу жұмыстарын атап өту қажет. Әрине, бұл тізім А.Қ.Жұбанов дүниеден озғаннан кейін де жалғасын тауып, музыкатану ғылымының тың тақырыптары игерілді. Сол Ахмет Жұбановтың шапағатын көрген мамандар әлі күнге дейін оның сол кездегі саяси қиындықтарға қарамастан қолдау көрсетіп, соңына дейін жеткізе білгендігі туралы шәкірттері мен әріптестерінің естеліктерінен келтіруге болады. Мәселен, шәкірті Т.Мерғалиев: «Қазақ халқының тарихын, әдебиеті мен мәдениетін терең білетін, кешегі Советтік кезеңде қазақ музыкасының ірге тасын қалаушылардың бірі, Қазақтың академиялық Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің негізін салушы, қазақ музыкасының аса нәзік сыншысы, ең ірі білгірі, ғұлама ғалым, академик, композитор, талантты ұстаз, педагог, дирижер Ахмет Қуанұлы Жұбанов туралы естелік жазу – мен үшін қиын да, үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Қиын деп отырғаным – Ахаңның қарауында бір бөлімде жұмыс істеп, ағаның ғылым жайлы, ұстаздық пен адамгершілік, әділет пен шындық, қазақ музыкасы туралы айтқан не бір асыл сөздерін естігенімнен болар, қайтыс болғанына арада 38 жыл өтсе де мен үшін күні кешегідей, ортамызда жүрген сияқты.

Ал үлкен жауапкершілік деп отырғаным, Ахаң – қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, музыка өнеріне келген жарқыраған шолпан жұлдызындай нағыз дара тұрған тұлге еді» (Мерғалиев, 2006: 21-22), – деген.

Институт қабырғасында қызмет жасаған өнертанушыларға қамқорлығы ерекше болған. Институтта театртанушылардың ішінде ұлттық кадрлардың күшеюіне қосқан үлесі туралы Б.Құндақбаев: «Сондағы менің аңғарғаным – Ахмет Қуанұлы театрды да жан-жақты білегіні. Диссертацияның бірінші оппоненті ретінде келісті ғылыми талдау жасап, қазақша-орысшаға бірдей жүйрік Ахаң шабытпен сөйледі. Менімен бірге Лидия Петровна Сарынова қорғап, оның да бірінші оппоненті Ахаң болды. Сөйтіп, өзімізде қорғаған тұңғыш театртанушылардың ғылыми атақ алуы Ахмет Жұбановтың инициативасынан туған. Кезінде ғылыми жетекші болған Н.И.Львовтың “Қазақ театрының тарихынан” қорғаған докторлық диссертацияның да оппоненті болған Ахаң» (Құндақбаев, 2006: 17), – деген.

4. Зерттеу нәтижесі

Әрине, Жұбанов дүниеден озғаннан кейінгі жылдарға көз жүгіртсек, диссертациялардың қорғалуы да, жеке монографиялардың талқылануы да Институттың ғылыми кеңесі тұрмақ, бөлім деңгейінде талқылаудың күн тәртібіне қойылуы қиынға түсіп, саяси тұрғыдан оңай болмағандығы жайында тарихтың айтылмайтын тұстары бар. Осыған қарап, ақиқат пен шындық салыстыру арқылы анық бағасын алады деп білеміз. Ұлтын сүйген Ахмет Жұбанов адалдықты, шындықты, әділдікті жақтап, қазаққа болсын деген ниетпен ұлы істер атқаруына мүмкіндіктер туып, ізгі істерді жүзеге асырып, ҚР ҰҒА құрылтайшыларының бірі ретінде лайықты дәрежеде игі жұмыстарды бастап, жүргізе білді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академия жүйесіндегі ғылыми-ізденушілік қызметін саралау барысында анықталған сұрақтарға жауапты М.О.Әуезовтің жазған пікірімен тұжырымдауға болады: «Он в творчестве своем одновременно пытливый исследователь, а в исследовании одновременно творческий, оригинально изобретателен» (Ауэзов, 2013: 34). Дирижердік, композиторлық пен зерттеушілікті қатар алып жүретін тұлғалық қасиеті бүгінгі күнге дейін қайталанбаған құбылыс екендігін мойындау керек. Бұл ретте Pauline Adenot «The orchestra conductor» атты мақаласындағы дирижер туралы жазылған дәйексөз келтіргенді жөн көрдік: «Conductors are often the kind of people who know a million things. They must have read...they read fifteen books a week. They are always poring over scores. They are incredibly cultivated» (Adenot, 2015: 4). Берілген дәйексөздегі дирижер туралы айтылған пікір: «Дирижерлер қырыуар шаруыны біледі. Мәдениеттіліктің асқан үлгісі» деген жолдар А.Жұбановтың шығармашылығына қаратылып айтылғандай. Ахмет Жұбановтың ғылым саласына қосқан үлесі әлі талай ғылыми зерттеу жұмыстарының жазылуына түрткі болатынына уақыт дәлелдейді.

Ахмет Жұбановтың өнертану саласының тұңғыш академигі атануына себеп болған ғылыми еңбегі өзінің ғылымдағы бейресми және ресми тұрғыдан жетістіктерінің сатылай көтерілуімен қатар, ізбасар шәкірттерінің, ҚР ҰҒА қабырғасында қызметтес болған әріптестерінің, өнертану ғылымына қадам басқан ізденушілердің бағыт-бағдарының анықталуында қазақ музыкасының әліппесі, сондай-ақ жаңа идеялардың, ізденістер мен мәселелердің шешілуіне жетелеп, ғылыми әлеуетті күшейтетін мәдени жәдігер.

5. Қорытынды

Қорытындылай келгенде, академик Ахмет Жұбановтың Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академия жүйесіндегі ғылыми-ізденушілік қызметі төңірегіндегі көптеген мәселелердің өзектілігі әлі де ізденістерді талап етеді. Оның тек ҚР ҰҒА қабырғасында жанкешті еңбек етіп, іргесін берік орнықтырғанының нәтижесінде (оның ішінде, тарихи-теориялық, сыни-ағартушылық, этнографиялық және т.б.), Жұбановтар әулетінің ғана емес, бүкіл ұлт мәдениетіндегі жеке ғылыми саланың өркендеуіне әкелді. Сонымен қатар оның ғылыми-ізденушілік қызметінен бөлек, қазақтың музыка тарихына дәстүрлі және академиялық музыканың өкілі, композитор және дирижер, ұйымдастырушы және ұстаз ретінде қосқан шексіз үлесі бүгінгі және келер ұрпаққа талай үлгі болып, жаңа бастамаларға жол ашатындығы сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Adenot P. (2015) The orchestra conductor // *Transposition Musique et Sciences Sociales* 5 / 2015 Figures du chef d'orchestre. <https://doi.org/10.4000/transposition.1296>
2. Ancient motives of the great steppe: the Anthology. In three volumes. (2019) Vol. 1: Musical folklore. Traditional song art. – Almaty: Brand Book., – 752 p.
3. Ауэзов М. Отзыв о книге исследователя казахской музыки, композитора Жубанова Ахмета Куановича «Жизнь и творчество казахских композиторов» // Ахмет Жұбанов в годы апогея сталинской политической репрессии / под ред. Ж.К. Таймагамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – С. 33-36.
4. Ахмет Жұбанов в годы апогея сталинской политической репрессии / под ред. Ж.К. Таймагамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 210 с.
5. Gafurbekov T.B., Omarova A.K., Kaztuganova A.Zh. (2019) Ancient saryns of the great steppe // *Bulletin of national academy of sciences of the RK*. ISSN 1991-3494 Volume 3, Number 379, pp. 121-127. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.77>.
6. Ерзакович Б. Ахмет Жубанов // *Музыкальное наследие казахского народа*. – Алма-Ата, 1979. – С.171-177.
7. Жұмалиев Қ. Дарынды композитор, білікті ғалым // Ахмет Жұбанов /Құраст. Н.С.Кетегенова, А.Қ.Омарова. – Алматы: Өнер, 2006. – Б.47-50.
8. Kaztuganova A., Omarova A., Kasimova Z., Turmagambetova B., Kuzembay S. (2019) Kazakh music in the global context // *Utopia y Praxis Latinoamericana*; ISSN 1315-5216; ISSN-e 2477-9555 Año 24, n° Extra 5, pp. 90-102 sjr 0.10 Q2 Percentile 32.
9. Каракулов Б.И. Ахмет Жубанов – основоположник современной казахской музыкальной культуры // *Ғаламат ғұмыр – гибраты ғасырларда: А.Қ.Жұбановтың 100-жылдығына арналған ғыл. практ. конф. жинақтары (28 сәуір, 2006 ж.) / Құраст.: А.К.Омарова, К.С.Сахарбаева, Р.К.Хасанова*. – Алматы, 2006. – С. 35-40.
10. Құндақбаев Б. Ахмет Жұбановпен бірге өткізген күндер // *Ғаламат ғұмыр – гибраты ғасырларда: А.Қ.Жұбановтың 100-жылдығына арналған ғыл. практ. конф. жинақтары (28 сәуір, 2006 ж.)*. – Алматы, 2006. – С. 16-18.
11. Lotha G., Rodriguez E., Young G. (2023) Conductor // <https://www.britannica.com/art/conductor-music>
12. Мерғалиев Т. Қазақ музыкасының ғұламасы, академигі – Ахмет Куанұлы Жұбанов // *Ғаламат ғұмыр – гибраты ғасырларда: А.Қ.Жұбановтың 100-жылдығына арналған ғыл. практ. конф. жинақтары (28 сәуір, 2006 ж.) / Құраст.: А.К.Омарова, К.С.Сахарбаева, Р.К.Хасанова*. – Алматы, 2006. – С. 21-26.
13. Момышұлы Б. Академик Ахмет Жұбанов // Ахмет Жұбанов /Құраст. Н.С.Кетегенова, А.Қ.Омарова. – Алматы: Өнер, 2006. – Б.106-111.
14. Omarova A., Kaztuganova A., Sultanova A., Tatkenova S., Kdyniyazova Z. (2020) M.O. Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World // *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*. – Vol. 12. No. 5, 1-14.

15. Омарова А. Вослед юбилейным датам года // Ұлт мәдениетіндегі рухани құндылықтар: ғылым мен өнер әлеміндегі Жұбановтар әулеті: ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі А.Қ.Жұбановтың туғанына 115 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (28 қазан 2021 ж.) / Құраст.: Қазтуғанова А.Ж., Омарова А.Қ. – Алматы, 2022. – 188 б.

References:

1. Adenot P. (2015) The orchestra conductor // *Transposition Musique et Sciences Sociales* 5 / 2015 Figures du chef d'orchestre. <https://doi.org/10.4000/transposition.1296> (in Eng.)
2. Ancient motives of the great steppe: the Anthology. In three volumes (2019). Vol. 1: Musical folklore. Traditional song art. Almaty: Brand Book, 752 p. (in Kaz., in Russ., in Eng.)
3. Auezov M. (2013) Review of the book by the researcher of Kazakh music, composer Zhubanov Akhmet Kuanovich "The life and work of Kazakh composers" // *Akhmet Zhubanov in the apogee of Stalinist political repression* / Ed. Zh. K. Taimagambetova. – Almaty: Kazakh University. pp. 33-36. (in Russ.)
4. Akhmet Zhubanov in the apogee of Stalinist political repression (2013) / Ed. Zh.K.Taimagambetova. – Almaty: Kazakh University. 210 p. (in Russ.)
5. Gafurbekov T.B., Omarova A.K., Kaztuganova A.Zh. (2019) Ancient saryns of the great steppe // *Bulletin of national academy of sciences of the RK*. ISSN 1991-3494 Volume 3, Number 379, pp. 121-127. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.77>. (in Eng.)
6. Yerkovich B. (1979) Akhmet Zhubanov // *Musical heritage of the Kazakh people*. – Alma-Ata. pp. 171-177. (in Russ.)
7. Zhumaliev K. (2006) Is a talented composer, a qualified scientist // *Akhmet Zhubanov / Comp. N.S.Ketegenova, A.K.Omarova*. – Almaty: Oner. pp.47-50. (in Kaz.)
8. Kaztuganova A., Omarova A., Kasimova Z., Turmagambetova B., Kuzembay S. (2019) Kazakh music in the global context // *Utopia y Praxis Latinoamericana*; ISSN 1315-5216; ISSN-e 2477-9555 Año 24, n Extra 5, pp. 90-102. (in Eng.)
9. Karakulov B.I. (2006) Akhmet Zhubanov – the founder of modern Kazakh musical culture // *The great life serves as an example for centuries: Collection of scientific and practical conference dedicated to the 100th anniversary of A. K. Zhubanov. (April 28, 2006)* / Comp.: Omarova A. K., Sakharbayeva K. S., Khasanova R. K. – Almaty. pp. 35-40. (in Russ.)
10. Kundakbayev B. (2006) Days spent by kundakbayev with Akhmet Zhubanov // *The great life serves as an example for centuries: Collection of scientific and practical conference dedicated to the 100th anniversary of A. K. Zhubanov. (April 28, 2006)* / Comp.: Omarova A. K., Sakharbayeva K. S., Khasanova R. K. – Almaty. pp. 16-18. (in Kaz.)
11. Lotha G., Rodriguez E., Young G. (2023) Conductor // <https://www.britannica.com/art/conductor-music> (in Eng.)
12. Mergaliev T. (2006) Akhmet Kuanovich Zhubanov – scientist, academician of Kazakh music // *The great life serves as an example for centuries: Collection of scientific and practical conference dedicated to the 100th anniversary of A.K. Zhubanov. (April 28, 2006)* / Comp.: Omarova A.K., Sakharbayeva K.S., Khasanova R.K. – Almaty. pp. 21-26. (in Kaz.)
13. Momshuly B. (2006) Academician Akhmet Zhubanov // *Akhmet Zhubanov / Comp. N.S.Ketegenova, A.K.Omarova*. – Almaty. pp. 106-111. (in Kaz.)
14. Omarova A., Kaztuganova A., Sultanova A., Tatkenova S., Kdyniyazova Z. (2020) M.O. Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World // *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*. – Vol. 12. No. 5, pp. 1-14. (in Eng.)
15. Omarova A. (2022) After the anniversary dates of the year // *Spiritual values of national culture: the Zhubanov Dynasty in Science and Art: Materials of the International Scientific and Practical Conference dedicated to the 115th anniversary of Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Akhmet Kuanovich Zhubanova (October 28, 2021)*. Almaty. – 188 p. (in Russ.)